

## Дамуға ресми көмек туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 263-В ҚРЗ.

Осы Заң Қазақстан Республикасымен ынтымақтастық жасайтын мемлекеттерге дамуға ресми көмек көрсетуге байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.

### 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі үғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

1) әріпtes донор – Қазақстан Республикасымен бірлесе отырып дамуға ресми көмек жобасын іске асыруға қатысатын шет мемлекет, халықаралық үйим, шетелдік қоғамдық үйим және (немесе) қор;

2) әріпtes ел – Қазақстан Республикасымен ынтымақтастық жасайтын және дамуға ресми көмек алатын мемлекет;

3) дамуға ресми көмек – әріпtes елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның азаматтарының әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы әріпtes елге өтеусіз не жеңілдікті негізде көрсететін көмек;

4) дамуға ресми көмек жобасы – әріпtes елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның азаматтарының әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесуге бағытталған және осы Заңда көзделген нысандарда жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені;

5) дамуға ресми көмек саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) – міндеті Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруға қатысу болып табылатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын заңды тұлға;

6) дамуға ресми көмек саласындағы үәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

7) сыртқы әріпtes – әріпtes елдің дамуға ресми көмектің түпкі алушысы болып табылатын мемлекеттік органы немесе басқа да үйымы;

8) техникалық көмек – әріпtes елге білім, дағдылар, ғылыми-техникалық тәжірибе беру, тауарлар беруді жүзеге асыру немесе үйимдастыру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;

9) халықаралық грант – әріпtes елге ұсынылатын өтеусіз қаржылық және (немесе) техникалық көмек.

#### 2-бап. Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсө, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

### **3-бап. Дамуға ресми көмектің мақсаттары мен міндеттері**

1. Дамуға ресми көмек:

1) Қазақстан Республикасының өңірлік және халықаралық байланыстар жүйесіне одан әрі интеграциялануына;

2) Қазақстан Республикасының стратегиялары мен даму бағдарламаларын табысты іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасауға;

3) бейбітшілікті, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға;

4) әріптес елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның азаматтарының әл-ауқатын арттыруға;

5) әріптес елдің қоршаған ортаны қорғау және климатты сақтау мәселелерін басым түрде іске асыруға кезең-кезеңмен көшуіне жәрдемдесу мақсаттарында жүзеге асырылады.

2. Дамуға ресми көмектің міндеттері:

1) дамуға ресми көмек саласында Қазақстан Республикасы қолдайтын халықаралық мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының әріптес елмен саяси, экономикалық, білім беру, қоғамдық, мәдени, ғылыми және басқа да байланыстарын дамыту;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін және халықаралық жағдайды ескере отырып айқындалатын әріптес елдің дамуына жәрдемдесу;

5) өңірлік ынтымақтастықты дамыту және өңірлік проблемаларды шешуге жәрдемдесу;

6) кедейлікті азайту;

7) қоршаған ортаны қорғау және климатты сақтау мәселелерін шешуге жәрдемдесу;

8) дамуға ресми көмек саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары және басқа да міндеттемелері шенберінде басқа да мәселелерді шешуге жәрдемдесу болып табылады.

### **4-бап. Дамуға ресми көмектің қағидаттары**

Дамуға ресми көмек мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделеріне сәйкес келу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес келу;

3) әріптес елдің егемендігін, ұлттық мұдделерін және заңдарын құрметтеу;

- 4) халықаралық стандарттарға сәйкес дамуға ресми көмекті ұсыну туралы және пайдалану туралы шешімдер қабылдау процесінің ашықтығы мен есептілігі;
- 5) дамуға ресми көмектің өлшемді нәтижелеріне бағдарлану;
- 6) дамуға ресми көмек жобаларының әлеуметтік және экологиялық салдарын есепке алу.

#### **5-бап. Дамуға ресми көмектің секторлық басымдықтары**

- Дамуға ресми көмек әріптес елдің мынадай секторларын дамытуға бағытталады:
- 1) ауыл шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігі;
  - 2) жаһандық және өнірлік экологиялық бастамаларды дамытуға жәрдемдесуді қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау;
  - 3) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
  - 4) трансшекаралық су мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
  - 5) шекараларды кесіп өту рәсімдерін оңайлатуға ықпал ету;
  - 6) қактығыстарды болғызбау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
  - 7) адам саудасын, заңсыз көші-қонды және қарудың заңсыз айналымын қоса алғанда, есірткінің заңсыз айналымына және трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес;
  - 8) білім беру және ғылым;
  - 9) денсаулық сақтау;
  - 10) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;
  - 11) кәсіпкерлікті қолдау және бизнес-ахуалды жақсарту;
  - 12) өнірлік және халықаралық сауданы, оның ішінде теңізге шыға алмайтын елдердің көліктік және өзге де инфрақұрылымға қол жеткізуін жақсарту арқылы дамыту;
  - 13) Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарында айқындалатын өзге де секторлар.

#### **2-тaraу. ДАМУҒА РЕСМИ КӨМЕК САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ**

#### **6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

- Қазақстан Республикасының Үкіметі:
- 1) Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;
  - 2) дамуға ресми көмек саласында халықаралық шарттар жасасады;
  - 3) операторды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
  - 4) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындаиды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

- 1) дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарын өзірлейді және бекітеді;
- 2) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 3) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 4) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 5) мемлекеттік органдардың, оператордың және өзге де ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы қызметін үйлестіреді;
- 6) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 7) халықаралық ұйымдарға дамуға ресми көмекке арналған ерікті жарналарды төлеу жоспарын бекітеді және оны іске асыруды жүзеге асырады;
- 8) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 9) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 10) дамуға ресми көмек жобаларының іске асырылу тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;
- 10-1) дамуға ресми көмектің мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дамуға ресми көмек саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлейді және бекітеді;
- 11) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері:

- 1) әріптес елде дамуға ресми көмек көрсету жөніндегі ахуалдың мониторингін және оны талдауды жүзеге асырады;
- 2) уәкілетті органға дамуға ресми көмектің жобалық ұсыныстарын (бұдан әрі – жобалық ұсыныстар), дамуға ресми көмектің қолданыстағы жобаларын тоқтата тұру

және тоқтату, сондай-ақ тоқтатыла тұрған жобаларды қайта бастау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) әріптес елде дамуға ресми көмек жобаларының іске асырылуын үйлестіреді және оған жәрдемдеседі.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **8-бап. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті**

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) уәкілетті органға жобалық ұсыныстар енгізеді;
- 2) дамуға ресми көмекті ұйымдық-техникалық қолдауды жүзеге асырады және уәкілетті органға дамуға ресми көмек жобаларын іске асыру мәселелері бойынша есепті ақпарат ұсынады;
- 3) уәкілетті органдың сұрау салуы бойынша дамуға ресми көмек жобаларын іске асыруға жәрдем көрсетеді;
- 4) дамуға ресми көмек жобаларының іске асырылу тиімділігін бағалауды жүзеге асырган кезде уәкілетті органға жәрдемдеседі.

## **9-бап. Оператордың құзыреті**

1. Оператор өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Оператор құрылғанға дейін оның функцияларын уәкілетті орган іске асырады.

2. Оператор:

- 1) Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруға қатысады;
- 2) уәкілетті органға жобалық ұсыныстар енгізеді;
- 3) дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарын өзірлеуге қатысады және іске асырады;
- 4) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен дамуға ресми көмек саласында өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;
- 5) Қазақстан Республикасы дербес не әріптес донорлармен бірлесе отырып қаржыландыратын дамуға ресми көмек жобаларын іске асыру бойынша сыртқы әріптердердің қызметіне мониторингті және бақылауды жүзеге асырады;
- 6) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 7) дамуға ресми көмек саласында есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органдың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын қызмет туралы есепті табыс етеді;
- 8) уәкілетті органға дамуға ресми көмектің көлемдері мен секторлық басымдықтары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) дамуға ресми көмек саласындағы ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының аумағында да, оның шегінен тыс жерде де жеке және заңды тұлғалармен дамуға ресми көмек саласында келісімдер жасасады;

11) дамуға ресми көмек саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді;

12) осы Занда және Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **10-бап. Дамуға ресми көмек саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

1. Дамуға ресми көмек саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының халықаралық бастамаларға, бағдарламаларға және жобаларға қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Дамуға ресми көмек жобаларын бірлесе отырып қаржыландыру және іске асыру, институционалдық қамтамасыз ету және тәжірибе мен білім алмасу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен, шетелдік қоғамдық ұйымдармен және қорлармен дамытылуы мүмкін.

## **3-тарау. ДАМУҒА РЕСМИ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **11-бап. Дамуға ресми көмекті қаржыландыру**

Дамуға ресми көмектің Қазақстан Республикасындағы қаржыландыру көздері:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтары мен аударымдары;
- 3) оператордың қызметінен түсетін кірістер;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

### **12-бап. Дамуға ресми көмекті іске асыру**

1. Дамуға ресми көмек мынадай нысандарда жүзеге асырылады:
  - 1) халықаралық гранттар;
  - 2) осы Занда көзделген басым секторларда жаңа объектілерді құру (салу) не қолда бар объектілерді реконструкциялау;
  - 3) жеңілдікті шарттардағы кредиттер;
  - 4) халықаралық ұйымдарға дамуға ресми көмекке арналған ерікті жарналар;
  - 5) әріптес елмен бірлескен қорлар құру;
  - 6) техникалық көмек;
- 7) дамуға ресми көмек саласындағы халықаралық шарттар және басқа да міндеттемелер шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған өзге де нысандар.
2. Қазақстан Республикасы көрсететін дамуға ресми көмекке:
  - 1) әскери мақсаттарға арналған гранттар, қарыздар, кредиттер;

- 2) гуманитарлық көмек;
  - 3) жеке тұлғаларға төленетін трансферттік төлемдер (зейнетақылар, өтемақылар, сактандыру төлемдері);
  - 4) қосарлы мақсаттағы тауарлардың жеткізілімдері жатпайды.
3. Жеңілдікті шарттарда кредиттер беруді және әріптес елмен бірлескен қорлар құруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті қаржы институттары жүзеге асырады.
4. Дамуға ресми көмек:
- 1) екіжақты негізде – Қазақстан Республикасы мен әріптес елдің өзара іс-қимылы;
  - 2) көпжақты негізде – әріптес донорлардың қатысуымен Қазақстан Республикасы мен әріптес елдің өзара іс-қимылы негізінде іске асырылады.

#### **13-бап. Дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарын қалыптастыру**

1. Мемлекеттік органдар және оператор уәкілетті органға жобалық ұсыныстар енгізеді.
2. Үәкілетті орган Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында және жобалық ұсыныстардың сыртқы саяси орындылығын ескере отырып, солардың негізінде дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарын әзірлейді және бекітеді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша дамуға ресми көмек дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарынан тыс көрсетілуі мүмкін.

#### **14-бап. Дамуға ресми көмек жобасының іске асырылу тиімділігін бағалау**

1. Дамуға ресми көмек жобасының іске асырылу тиімділігін айқындау үшін оның мониторингі жүзеге асырылады.
2. Дамуға ресми көмек жобасына мониторинг жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындаиды.
3. Дамуға ресми көмек жобасының мониторингі негізінде дамуға ресми көмек іс-шараларының жоспарын түзету жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **4-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **15-бап. Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **16-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК